

2022-2023 оқу жылындағы Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің

4 «Б» сынып оқушыларымен жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмысына талдау.

1 қыркүйек күні «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты тәрбие сағаты болып өтті. Алғашқы оқу жылын 17 оқушы болып бастадық. Әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, сыныптың әлеуметтік жағдайы анықталды. Алғашқы сынып сағатында сынып белсенділері сайланды. Оқушыларды мектеп, оқушы ережесімен таныстырдым.

Жыл қорытындысы бойынша 4 б сыныбын 17 оқушы болып аяқтадық. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысының жоспарын 8 бағыт бойынша жасадым. Барлық 17 оқушының 9 қыз, 8 ұл.

Жыл басында тәрбие жоспары, ата-анамен жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Тоқсан бойы тәрбие сағаттары жоспар бойынша өткізілді. Жолда жүру ережелері, қосымша бағдарлама тақырыптары қамтылды. «Терең білім, еңбекқорлық пен отаншылдық қасиет» атты алғашқы білім күніне арналған жаппай тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға Отанды қорғау, еңбекқорлыққа тәрбиелену барысында әңгіме жүргізілді. «А.Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл», «Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл» тәрбие сағаттарында ақындардың еңбектері, ғылымға қосқан жаңалықтары туралы айтылып, дәріс сабағы өткізілді.

Сонымен қатар қазан айында тойланатын қос мереке туралы айтылды. Ұстаздар күні тақырыптық сыныптан тыс шаралар, «Бар мейіріміз балаларға» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері?» атты ЖЖЕ сабақтың мақсаты балаларды жолдағы қауіпсіздіктерін сақтауға бағыт берді. Белгілер туралы айтылып, жол ережелері еске түсірілді. «Қазыбек бидің 355 жыл» тақырыбында әңгімеленді. Балаларға даңқты тұлғалардың еңбектері таныстырылды. Шығармалары талқыланды. Посттер жасап, оны топта талқылады. «Д.Қонаев –қазақтың қайраткері» тақырыбында танымдық сабақтар өтті.

«Тәуелсіздік таңы атқан күн» тақырыбында мектепшілік апталыққа сынып та, ата-аналарым да белсене қатысты. Осы шараға байланысты сынып сағаты өткізілді. 4- кластар арасында патриоттық әндерден челлендж ұйымдастырылып жолданды. Ата-ана арасындағы байланысты нығайту жолындағы спорттық сайысқа да ата-аналарым қатысып, жүлделі орындарға иеленді. Сынып оқушылары білімдерін де көрсетіп, түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлдегерлер болды. Тоқсан ішінде өткізілген мектепшілік шараларға оқушылар белсенділікпен қатысып, әлеуметтік желілерге жүктелді. Сонымен қатар тоқсан қорытындыланып, «кітап сарқылма қазына» мәнерлеп оқу сайыс сабағы өтті. Ата-аналарға қорытынды хабарланып, жиналыс өткізілді. Түрлі тренингтер арқылы ата-аналарға бала тәрбиелеудегі олқылықтарға бой алдырмау жақтары баяндалды.

Тәрбие бағыттарына сәйкес «Салт-дәстүрім таусылмайтын байлығым», «Отбасыдағы әке мен ананың рөлі», «», «Тәуелсіздік таңы атқан күн», «Қазыбек бидің - 355 жыл», «Салт-дәстүрім таусылмайтын байлығым», «Бар мейіріміміз балаларға» , «Ана-өмір шуағы» тақырыбында тәрбие сағаттары, Р. Бағланованың 100 жылдығына, қазақтың батыр қызы -М.Мәметованың 100 жылдығына танымдық сабақтар өткізілді. Аталған тақырыптардағы тәрбие жұмыстары оқушы бойында өздеріне сенімділік қасиеттері мен ойларын дәлелдей алу, өз бетінше ізденуге ұмтылу, бағыт-бағдарларын анықтау тәрізді түйсіктерін оята алды.

«Бала тәрбиесі - ортақ іс», «Ата-ана мақтаншы-бала» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өтті. Мақсаты: ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту, ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру, баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту. Жиналыс

психологиялық тестпен басталды. Топқа бөлініп, қазіргі бала, ата-ана, ұстаз қандай болу керектігі туралы ойларын білдірді. Бала тәрбиесі туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

Жыл бойына жоспарланған тәрбие іс-шаралары толық орындалды.

Сыныпты жалпы зерттегенде белсенді бірнеше оқушылар бар. Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, қалыпты. Оқушылармен көп қарым-қатынасқа түсе бермейтін Қойшығұлова Кәусар есімді оқушым бар. Ол оқушымен мектеп психологымен бірлесе отырып жұмыстар жүргізілді. Сабақ барысында оқушыны басқа балалармен бірігіп жұмыс жасауына ықпал жасап отырдым. Нәтижесінде оқушы балалармен жақсы қарым-қатынасқа түсе бастады. Сыныптың топ басшысы Түгелбаева Айханым және бірнеше сынып белсенділері бар. Үздік оқитын оқушылар: Ернарұлы Мұстафа, Жаңбырбаева Фатима, Жаулыбаева Аягүлханым, Қыдырбек Кәусар, Тынымбай Дініслам, Сансызбай Кәусар, Түгелбаева Айханым. Сыныптың рухани-психологиялық ауа-райы, оқушылардың қарым-қатынастық мінезі – қыз балалар өзара да, ер балалармен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді.

Сынып оқушылары аудандық спорт мектебіне, Б.Тәжібаев атындағы музыка мектебіне және шығармашылық орталығындағы түрлі үйірмелерге қатысады. Оқушылар апталықтарда, мектептің түрлі іс-шараларында қатысып, белсенділік таныта білді.

Мектеп шараларында сынып оқушыларының қатысуға қызығушылығы бар, белсенділік көрсете білді. Сонымен қатар қашықтық олимпиадаларына да белсенділік танытуда. «Мұқағали оқулары» қашықтық олимпиадасына сыныбымнан Қалдыбай Әділет, Жаңбырбаева Фатима және Жаулыбаева Аягүлханым қатысты. Нәтижесінде Жаулыбаева Аягүлханым 1 орын, Қалдыбай Әділет пен Жаңбырбаева Фатима 2 орын иеленіп, дипломдарымен марапатталды. Республикалық балалар оқулары байқауы өтті. Аудандық кезеңге сыныбымыздан Тұрарбек Нұржан, Тынымбай Дініслам, Жаңбырбаева Фатима қатысты. Сонымен қатар «Кішкентай білгірлер» олимпиадасының аудандық кезеңіне Тынымбай Дінісламмен бірге барған топ 2 орынды иеленді. Республикалық «Абай оқулары» және «Жас суретшілер» байқауына бірнеше оқушы қатысып, нәтижесін күтуде. Оқушылардың көркем-эстетикалық, еңбек және шығармашылық таным деңгейі, сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын кию, сынып кезекшілігін жауапкершілікпен атқаруда, сенбілік жұмыстарын жүргізуде олардың еңбек, көркем – эстетикалық деңгейін өте жақсы деп бағалауға болады.

Оқушылардың үзіліс кезін де ұтымды пайдалануға тырысамыз. Ағылшын, орыс тілдерін үйрене отырып, түрлі ойындар өткіздік. Түрлі спорттық және логикалық тапсырмалары бар ойындар да болды. Оқушылар қызығушылықпен ойнады.

Оқушы ата-аналарының сыныптың тәрбиелік қызметіне әсері бар. Сыныптағы ер балалар мен қыз балалардың қарым-қатынасының қалыптасуында кемшіліктерді жоюға, болдырмауға, тәрбие туралы әңгіме өткізуге ата-аналар да ат салысты. Ата-аналар жиналысы да уақытында өткізілді. Барлық тәрбие сағаттарының мақсаты оқушыларды адамгершілікке, инабаттылыққа, сауатты, елін қорғайтын адал азамат болып өсуіне тәрбиелеу. Алдағы уақытта да түрлі бағыттарда тәрбие жұмыстарын жүргізіп, жұмыстанамын.

Класс жетекші:

Э.Калиева